

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі**


**«Жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен» бір мезгіл тегін  
ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың 3 жылдық  
мониторинг талдауы**

**Дайындаған: әлеуметтік педагог Дүйсенбек С.Ж.**

**2023-2024 оқу жылы**

2021-2022 оқу жылында «Жалпыға міндетті білім қоры есебінен» қарастырылған қаржы есебінен мектеп оқушылары арасынан әлеуметтік картаға енген (ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы, толық емес отбасы, көп балалы отбасынан шыққан балаларға) 206 оқушы мектеп асханасынан бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

| №  | Әлеуметтік статус                                                                                                                                            | Оқушы саны |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1. | Атаулы көмек алатын отбасынан шыққан                                                                                                                         | 105        |
| 2. | Ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы                                                                                                                          | 1          |
| 3. | Толық емес отбасыдан шыққан оқушылар                                                                                                                         | 14         |
|    | Көп балалы                                                                                                                                                   | 54         |
| 4. | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар | 32         |
|    | Барлығы:                                                                                                                                                     | 206        |



2022-2023 оқу жылының тамыз айынан бастап аз қамтылған отбасы балалары мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың ата-аналар тарапынан өтініштер мен керекті құжаттар қабылданып, мектеп ішінен құрылған «Қамқоршылық кеңес» мүшелері қажетті құжаттарды қарап шықты. Қыркүйек айынан бастап 206 оқушы **бір мезгіл ыстық тамақпен** қамтылды.

Жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен бір мезгіл ыстық тамақпен қамту мақсатында Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының


- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға,

- сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға

- жетім балаларға,

- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыларда тұратын балаларға,
- төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға
- өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес 2022-2023 оқу жылында бір мезгіл ыстық тамақпен 206 оқушылар қамтылды.

| №  | Әлеуметтік статус                                                                                                                                            | Оқушы саны |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1. | Атаулы көмек алатын отбасынан шыққан                                                                                                                         | 113        |
| 2. | Ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы                                                                                                                          | 3          |
| 3. | Толық емес отбасыдан шыққан оқушылар                                                                                                                         | 17         |
| 4. | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар | 41         |
| 5. | Көп балалы                                                                                                                                                   | 32         |
|    | Барлығы:                                                                                                                                                     | 206        |



Сонымен қатар, тамақтың сапасы мен асхана тазалығын бақылау әлеуметтік педогог С.Дүйсенбек пен мектеп медбикесі А. Ысқақоваға жүктелді. Мектеп әкімшілігінен асханаға кезекшілік кестесі қойылды.

«Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші мен білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу туралы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының негізінде әр айда

тамақтану сапасына мониторинг жұмысы жүргізіліп тұрады. Балалар екі ауысыммен (1- мезгіл 63 оқушы, 2-мезгіл 143 оқушы) тамақтанады. Асханаға 4 бейне бақылау камералары орнатылған. Ас блогында 2 дана, ас қоймасында 1 дана, тамақтатын орында 1 камера орнатылған.



2023-2024 оқу жылында «Жалпыға міндетті білім беру қоры» есебінен 1-4 бастауыш сынып оқушыларын және әлеуметтік картаға енген отбасы балаларын ыстық тамақпен қамту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қараша №2 жарлығы 77-қосымшасының «Әлеуметтік осал отбасыларынан шыққан және барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету» жарлығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасы №158 бұйрығының 10-қосымшасын негізге ала отырып және Түркістан қалалық білім бөлімінің 31.08.2023ж. №159 хатын басшылыққа ала отырып «Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2023-2024 оқу жылында 1-4 бастауыш сынып аралығындағы 597 оқушы және ата-аналардың өтінішіне және құжаттарының сәйкестігіне қарай 5-11 сынып аралығындағы әлеуметтік картаға енген 30 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Барлық оқушы саны 627 құрап отыр. Мектеп асханасында II ауысымда оқушыларға бір мезгіл ыстық тамақ беріледі. Тағам ас мәзіріне сай берілуін қадағаланып отырады.

Бір мезгіл ыстық тамақ ас мәзірі бойынша жасалынып, комиссия құрамы тарапынан сапасы тексеріліп отырады.

Тамақтану кезінде 1-4 сынып аралығында оқушылардың тәртібін қадағалау, қауіпсіздік шараларын бақылау, оқушыларын асханаға әкеліп, әкету және күнделікті сұраныс беріп отыру сынып жетекшілеріне жүктелді.

Сатуға тыйым салынған заттардың сатылмауын, тамақ сапасын бақылау, асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақытылы өтуін, асхана тазалығы, санитарлық талаптарға сай болуын, ас мәзірі бойынша тамақтың берілуі күнделікті қадағаланып отыр.

Оқу жылының басында қамқоршылық кеңесі, ата-аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігінен бракераждық комиссия құрылды. Бракераж комиссиясы айына 1 рет асхана жұмысына мониторинг жүргізіп, акт түзіледі. Асханада санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын тексереді. Тексеру барысында қолданылатын ыдыс-аяқтар талаптарға сәйкес, жарылған сынған ыдыстар болмады. Асханадағы ас үлесі мәзірге сәйкес беріледі. Асхананың кіре берісінде қол жууға арналған раковиналар бар. Асхана тазалығы талапқа сай. Асханадағы оқушылардың тамақтану ережелерінің және уақытылы тамақтануларының қатаң сақталуын жауапкершілікпен қадағалау мақсатында мектеп әкімшілігінен кезекшілік кестесі құрылып, бекітілді. Кезекшілер оқушылардың уақытында тамаққа баруын қадағалап отырады.


Бракераж комиссиясының қатысуымен Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп асханасына 30.04.2024ж. күні бақылау жұмыстары жүргізілді. Асхананы тексеру барысында тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзіміне, мектеп асханасының санитарлық талапқа сай жүргізілуі тексерілді. Тексеру барысында асханадағы тазалық нормаларының дұрыс сақталғандығы, оқушыларға ыстық тамақ ас мәзірі бойынша дұрыс және уақытылы дайындалатындығы, ыстық тамақтың дайындалуының санитарлық-гигиеналық талаптарының дұрыс сақталғандығы анықталды.

Бүгінгі таңда мектебімізде «Жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен» 592 оқушы тамақтанады. 1-4 сынып аралығында 568 оқушы, әлеуметтік картаға енген 5-8 сынып аралығында 24 оқушы. Оқушылар II ауысымда бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр.



Асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы талапқа сай, сатуға тыйым салынған заттар жоқ. Бракераж журналы әр күн сайын толтырылып, ас мәзіріндегі тағам өз ретімен беріліп отыр.

| №  | Әлеуметтік статус                                                                                                                                            | Оқушы саны |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1. | <b>1-4 бастауыш сынып оқушылары</b>                                                                                                                          | <b>568</b> |
| 2. | Атаулы көмек алатын отбасынан шыққан                                                                                                                         | 16         |
| 3. | Ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы                                                                                                                          | 1          |
| 4. | Көп балалы                                                                                                                                                   | 2          |
| 5. | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар | 5          |
|    | <b>Барлығы:</b>                                                                                                                                              | <b>592</b> |





**Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың 3 жылдық мониторинг көрсеткіші**



Биылғы оқу жылында 1-4 сынып оқушылары арасынан «Ас адамның - арқауы» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама мынадай сұрақтарды қамтыды.

- Мектеп асханасында беріліп жатқан тамаққа көңіліңіз толады ма?**
  - А) Ия- 79%
  - Ә) Жоқ – 0%
- Тамақтану ережесін білесіз бе?**
  - А) Ия - 75
  - Ә) Жоқ - 3
  - Б) Білмеймін - 1
- Асханаға кіріп бара жатқанда тазалық гигиенасын қолданасыз ба? (қол жуу)**
  - А) Ия - 69
  - Ә) Жоқ - 8

Б) қолданбаймын - 2

**4. Асхананың тамағы дәмді ме?**

А) Ия, дәмді – 75%

Ә) Жоқ дәмсіз – 0%

Б) орташа – 4%

**5. Асханадағы ас мәзіріндегі қай ас көңіліңізден шығады?**

А) Палау – 60%

Ә) Үй кеспесі – 10%

Б) Маш салынған көже – 6%

В) басқа пікір : бәрі – 1%, макарон -1%, катлет, пюре – 1%

**6. Ас мәзірінде қандай тағам түрі болғанын қалайсыз?**

А) Арпа жармасы -8%

Ә) тұшпара – 36%

Б) ботқа (түрлері) – 25%

В) гуляш – 4%

Г) Басқа пікір: - гарох сорпа – 1%, нарын -1%, лағман-1%, манти-3%.

**7. Асханаға күніне неше рет келесіз?**

А) бір рет- 62

Б) екі рет – 10

В) үш рет - 7

**8. Респондент туралы мәлімет**

1. Жынысы: қыз бала - 45 ер бала - 34

2. Жасы: 8-10 жас аралығы

1-4 сынып оқушылары арасында әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Ас-адамның арқауы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 79 оқушы қатысты.


Сауалнаманың мақсаты: мектеп асханасының жұмысы туралы оқушылардың пікірлерін білу, дұрыс тамақтану саласындағы оқушылардың сауаттылық деңгейін білу, мектеп асханасының кемшіліктерін анықтау.

Сауалнама анонимді түрде жүрді. Оқушылар өз ойларын нақты көрсете алды.


Қорытындылай келе, мектеп асханасы ас мәзіріндегі асқа оқушылардың 79%-ы көңілі толатыны анықталды, ас мәзіріндегі тағамдардың дәмді, сапалы екендігі, оқушылар дұрыс тамақтану ережесін білетіні анықталды.



### Тамақтану ережесін білесіз бе?



### Тамақтанар алдына тазалық ережелерін сақтайсыз ба?



Мектеп директоры:

Ж.А.Орынбаева

Әлеуметтік педагог:

С.Ж.Дүйсенбек